

#TravelCard өнімі бойынша Кешбэк бағдарламасы



1. Кешбэк бағдарламасы

1.1. Бағдарлама клиенттердің Банк өнімдеріне бейілділігін арттыруға, төлем картасын және/немесе оның деректемелерін және/немесе токенин пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз көп сауда жасау үшін клиенттерді ынталандыруға арналған.

2. Терминдер мен түсініктемелер 2.1.

Банк – «Банк ЦентрКредит» АҚ.

2.2. Кешбэк – клиентке картаны (оның деректемелерін/токенин) пайдалана отырып, жүргізілген қолма-қол ақшасыз сатып алу сомасынан ақшаның бір бөлігін ПОС- терминал немесе Интернет арқылы қайтару.

1 Кешбэк = 1 теңге.

2.3. MSC (Merchant Category Code) коды – сауда орнының қызмет түрін сипаттайтын арнайы төрт таңбалы код.

2.4. BCC.KZ-тегі төлем – BCC.KZ мобильді қолданбасында тауарлар мен қызметтер үшін төлем жасау.

2.5. Серіктес – Банкпен ынтымақтаса отырып, Клиентке Кешбэк немесе жеңілдік ұсынатын компания немесе ұйым.

2.6. Серіктестік Кешбэк – Банк серіктесі ұсынатын Кешбэк.

2.7. Банктік Кешбэк – Банк ұсынатын Кешбэк.

2.8. Бонустық шот – Кешбэк есептеуді/пайдалануды есепке алуға арналған әрбір Клиент бойынша Банк ашатын баланстан тыс шот.

2.9. Сауда жасау – ПОС-терминал/Интернет арқылы карточканы (оның деректемелерін) пайдалана отырып, тауарлар мен көрсетілген қызметтердің ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу.

3. Кешбэк түрлері

3.1. Банк Кешбэк есептелетін сауда санаттарын MCC (Merchant Category Code) – сауда орнының негізгі қызметін сәйкестендіру үшін Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелерінде көзделген код бойынша белгілейді (мысалы, MCC 4511 – Авиажелілер немесе 7011 – ОТЕЛЬДЕР).

3.2. Банкте #TravelCard өнімі бойынша Кешбэктің келесі түрлері көзделген (Банктік Кешбэк):

Кешбэк түрі	Сатып алынған тауар сомасының мөлшері, %
Саяхат санатындағы сатып алулар үшін Кешбэк	4%
Такси санатындағы сатып алулар үшін Кешбэк	4%

Duty Free-де сатып алулар үшін Кешбэк	4%
Қазақстанда туризм санатында электронды әмиянмен (GooglePay, ApplePay, Samsung Pay, GarminPay) төле	7%
М жасаған кезде ғана	
Кемінде 500 000 теңге көлемінде қалдық болған кезде және электронды әмиянмен (GooglePay, ApplePay, Samsung Pay, GarminPay) төлем жасаған кезде берілетін негізгі кешбэк	1,5%

3.3. Егер сізде:

- #TravelCard және #rentacar карталарының екеуі де болса, бұлар бойынша жалпы лимит 50 000 теңге болады, оның ішінде 20 000 теңгеге дейін #rentacar бойынша автокөлікті жалға алу үшін жинақтауға болады. 3.4. Саяхат санатына кіретін МСС тізімі:

МСС	Сипаттамасы
3000-3303, 3308, 4511	Әуе компаниялар, әуе желілер
3351-3423, 3425-3441	Автокөлікті жалға алу
3501-3839, 7011, 7032	Қонақ үйлер
4111, 4112, 4131, 4789, 5962	Жолаушылар тасымалы
4411	Круиздік желілер
4457	Кемелерді жалға алу
4582	Әуежайлар
4722, 7991	Туристтік агенттіктер
7512	Автокөлік жалдау агенттіктері

3.1. Такси санатына кіретін МСС тізімі:

МСС	Сипаттамасы
4121	Такси және лимузиндер
4111, 4784	YINDEX.TOXI

3.2. Қазақстандағы отандық туризм санатына кіретін МСС тізімі:

МСС	Сипаттамасы
3501-3839, 7011, 7032	Қонақ үйлер
7997	Клубтар – қала сыртындағы клубтар, мүшелік (демалыс, спорт), жеке гольф алаңдары (санаторийлер мен демалыс базалары)
4112	Теміржол билеттері

4457	Қайықтарды жалға алу
7032	Рекреациялық және спорттық лагерьлер
7999	Демалыс қызметтері
7997	Аумағында мүшелікті талап ететін жеке спорт клубтары мен демалыс клубтарының қызметтері (Гольф-клубтар, спорттық клубтар және басқа да жеке клубтар)

3.3. Айына Кешбэктің ең жоғарғы сомасы - 50 000 теңге.

3.4. Клиент Серіктестен Серіктестік Кешбэк қарастырылған тауар немесе қызмет сатып алғанда, клиентке Кешбэктің ең жоғары сомасы есепке алынады (Серіктестік немесе Банктік Кешбэк), Серіктестік және Банктік Кешбэк сомалары қосылмайды.

3.5. Клиент Банк серіктестерімен және Серіктестік Кешбэк мөлшерімен <https://club.bcc.kz/> сайтында танысып шыға алады. Сондай-ақ картамен сауда жасағаныңыз үшін де жеңілдіктер мен Серіктестердің <https://club.bcc.kz/> және халықаралық Visa төлем жүйесінің https://www.visa.com.kz/ru_kz/visa-offers-and-perks/ арнайы ұсыныстары қарастырылған болуы мүмкін. Жеңілдікке ие болу үшін клиент өзін #TravelCard иесі ретінде сәйкестендіріп, осы картаны төлем жасау үшін қолдануы керек.

4. Жалпы қағидалар

4.1. Карточканы (оның деректемелерін) пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз сауда жасау үшін Кешбэк операцияны өңдеу фактісі, яғни карточка шотынан сауда жасау сомасын есептен шығару (Банк сауда-сервис нүктесінен сауда жасауды растауды алған кезде) бойынша Клиенттің Бонустық шотына есептеледі. Әдетте Кешбэк Бонустық шотқа Клиент сауда жасаған сәттен бастап 1-7 күн ішінде есептеледі.

4.2. Кешбэк Банк белгілеген және Банктің байланыс арналары арқылы клиенттің назарына жеткізілген мөлшерде төленеді.

4.2. Банк Кешбэк ұсыну талаптарын Банктің тиісті шешімі негізінде біржақты тәртіппен өзгерте/толықтыра алады.

4.3. Банктің шешімі бойынша Кешбэктің күшін жою мүмкін болады. Банк клиентке өз шешімінің себебін хабарламауға құқылы.

4.4. Банк эквайер-банктердің сауда-сервистік орындарға дұрыс MCC кодын бермегені үшін жауап бермейді.

4.6. Кешбэк Бонустық шотқа Бағдарламаға қатысушы әрбір карточканың айлық Кешбэк лимиті шегінде есептеледі. Кешбэк банк Сауда-сервис нүктесі тарапынан сатып алу растамасын алған айдың лимитіне есепке алынады.

4.7. Егер Клиент күнтізбелік ай ішінде кемінде 500 (бес жүз) теңге сомаға Кешбэк жинаса, күнтізбелік ай аяқталғаннан кейін сома автоматты түрде Бонустық шоттан есептен шығарылады және қалпына келтірілмейді.

4.8. Жинақталған Кешбэк сомасын Бағдарламаға қатысатын карточкаға аудару үшін Клиент кемінде 2 000 (екі мың) теңге сомаға Кешбэк жинауы қажет.

4.9. Егер Клиент өзінің Кешбэгін оларды 12 ай ішінде Бонустық шоттан карточкаға аудармай пайдаланбаса, бұл қаражат автоматты түрде Бонустық шоттан есептен шығарылады және қалпына келтірілмейді.

4.10. Валютамен транзакция жасаған кезде, Банк Кешбэкті транзакция жүргізген сәтте ҚР Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша есептейді және Кешбэккі Банкке қаржылық құжат келіп түскен сәтте белгіленген бағам бойынша есептейді.

4.11. Кешбэк келесі жағдайларда Банк тарапынан Клиенттің Бонус шотынан және/немесе кез келген басқа шотынан шегерілуі мүмкін:

- сатып алуды қайтару;
- Бағдарламаны теріс пайдалану;
- Бағдарлама ережелерін бұзу;
- қате немесе артық есептелу.

4.12. Егер хабарлама Банктің сайтында (www.bcc.kz) орналастырылған болса немесе Клиент Бағдарламаның тоқтатылуы/уақытша тоқтатылуы туралы басқа тәсілмен хабардар етілген болса, Банк Клиенттің бұл ақпаратты алмауына немесе түсінбеуіне жауапты емес.

Бағдарлама тоқтатылған жағдайда Клиент Бағдарлама тоқтатылған күнге дейін жинақталған кешбэкті карточкасына аударуға құқылы. Бағдарлама тоқтатылған күннен кейін Клиенттің Бонус шотында қалған кешбэк жойылады.

5. Өзге талаптар

5.1. Клиент осы Бағдарламаға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.

5.2. Банк Банктің сайтына жаңа Бағдарламаны орналастыру немесе қолданыстағы Бағдарламаға өзгерістер енгізу арқылы Бағдарламаның талаптарына өзгерістер мен толықтыруларды біржақты тәртіппен енгізуге құқылы. Қосымша Банк клиенттерге Бағдарламаны өзгерткені туралы маркетингтік және/немесе ақпараттық хабарламалар ұсыну арқылы клиенттерге хабарлауға құқылы.

5.3. Егер Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдаланудың нәтижесінде есептелген Кешбэкті клиент пайдаланып үлгерген болса, клиент Банкке есептелген Кешбэк сомасын кез келген картаның шотынан Банктің акцептсіз есептен шығаруы/ тікелей дебеттеуі арқылы Банкке есептелген қаражатты қайтаруды тапсырады. 5.4. Банк Клиенттерге Бағдарламаның аясында Клиенттерге арналған арнайы акция/ұсыныс өткізілетіні және оның шарттары туралы тиісті ақпаратты Банктің сайтында немесе мобильді қосымшада орналастыру арқылы немесе Банктің таңдауы бойынша Клиент үшін қолжетімді басқа тәсілмен хабарлайды.

5.5. Егер Клиент Бағдарламаның шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттерді жүзеге асырса және/немесе Бағдарламаның аясында Клиентке берілген кез келген артықшылықтарды және/немесе ынталандыруларды теріс пайдаланса және/немесе Банкке жаңылыстыратын қате мәліметтерді берсе, Банк ескертусіз кез келген Клиентті Бағдарламаға қатысушылар қатарынан алып тастауға құқылы. Клиенттің Бағдарламаға қатысуы жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, осы Клиенттің Кешбэгі жойылады.

5.6. Клиенттер Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдаланған жағдайда (мысалы, бір сауда-сервис орнында және/немесе бір ПОС-терминал бойынша сауда жасау) Банк Клиентке Кешбэк есептеуді тоқтатуға, алдын ала салынған Кешбэктің күшін жоюға және/немесе Клиентті Бағдарламаға қатысушылар қатарынан алып тастауға құқылы. 5.7. Егер Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдалану нәтижесінде салынған Кешбэк Клиент карточкасының шотына аударылған жағдайда, соңғысы Банкке салынған Кешбэктің сомасын карточка шотынан Банктің акцептсіз есептен шығаруы/тікелей дебеттеуі арқылы салынған қаражатты қайтаруға келісім береді. 5.8. Банк келесі шығыс операциялар үшін Кешбэк есептемеуге құқылы:

- ВСС.KZ қосымшасында жүргізілген төлемдер, оның ішінде «Саяхат» санатында;
- егер сауда-сервис орнын оған қызмет көрсететін банк көрсетілген МСС-ге жатқызған болса, бірақ бұл ретте Банкте осы сауда-сервис орны өз қызмет түрі бойынша жоғары Кешбэкке жатпайды деп есептеуге негіз бар болса, Клиентке Кешбэк салмауға құқылы.